«Болашақ» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

«Ұстаз жүрегі – мейірімнің мекені!»

(мерекелік іс – шара)



Өткізген: *Өтесінова Ш*

2026 – 2027 оқу жылы

Мақсаты: Ұстаз еңбегінің қадір – қасиетін дәріптеу, педагог мамандығына деген құрмет пен ризашылық сезімін арттыру. Педагогтардың кәсіби еңбегін бағалап, ұжымдық бірлігін нығайту, көтеріңкі көңіл – күй сыйлау және шығармашылық қабілеттерін ортаға салуға мүмкіндік жасау.

Мектеп іші, қоңырау соғылады. Ұстаз келеді.

Педагогтар: Сәлеметсіз бе апай!

Мұғалім: Сәлеметсіңдер ме балалар?! Көңіл – күйлерің қалай?
Бүгінгі сабағымыз ерекше болмақ. Бүгін біз жәй ғана білім туралы емес, әр жанның жүрегіннен ерекше орын алатын мамандық ұстаздық туралы сөйлесетін боламыз.

Мұғалім: Бүгін ұстаздарға деген жылы тілектерімізді, әдемі сөздерімізді арнайық!

1. Нәдирабегім:
Ы. Алтынсарин - "Мен үшін, мұғалім бәріннен де артық,
Өйткені мұғалім мектептің жүрегі"

2. Айдана:
А. Құнанбаев - "Адамның адамгершілігі, жақсы ұстаздан болады"

3. Ақгүл:
Ғафу Қайырбеков-
Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Ұстаз болу – адамның асылдығы.

4. Гулжазира:
А.Құнанбаев- Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.

5. Жазира:
Білім атты сарқылмайтын теңізде,
Ұстаз бізге бағыт – бағдар береді.
Шәкірттерге білім кілтін сыйлайтын,
Болашақта ұстаз болғым келеді.

6. Айгерім:
"Апай, ұстаз болу оңай ма?"

Мұғалім: Ұстаз болу оңай емес... Себебі ұстаз – тек білім бермейді. Ол баланың бойына сенім ұялататын, арманын оятатын, қателессе – қолдайтын, сүрінсе – демейтін жан. Ұстаз бұл – болашаққа жол көрсетуші деп білемін.

Педагогтар бірге: "Ұстаздар күні құтты болсын!"

Жүргізуші:

Адамдықтың шегінен аспайтұғын – ұстазым.
Адалдықтың жолына бастайтұғын – ұстазым.
Қылығына шаланың саспайтұғын – ұстазым.
Құпиясын баланың ашпайтұғын – ұстазым.
Қиындықты жеңуден қашпайтұғын – ұстазым.
Әзіл - қалжың айтып та тастайтұғын – ұстазым.

Игі ниет арнасы тола берсін, ұстазым!
Жүрегіңіз елім деп соға берсін, ұстазым!
Жадыңызда жақсылық қала берсін, ұстазым!
Ұрпағыңыз ұлылық ала келсін, ұстазым!
Әр уақытта денсаулық бола берсін, ұстазым!
Басыңызға бақ құсы қона берсін, ұстазым!

Жүргізуші:

Бүгінгі Ұстаздар күні — осы қасиетті жолды таңдаған барша жанға деген құрметтің мерекесі болып саналады. Ұстаздар күніне арналған бүгінгі мерекелік жиынымызда баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, жүрекжарды тілегін білдіру үшін сөз кезегін бөбекжайымыздың директоры, білім мен тәрбие саласында өз еңбегімен үлгі болып жүрген Жаңбыр Күнсұлу Сұлтанқызына береміз!

Жүргізуші:

Ұстаз еңбегі — жүректе қалған із,
Жылдар өтсе де, ұмытылмас сол бір із.

Кеше ғана осы жерде жүрген бала,
Бүгін міне, сағынышын жолдап тұр.
Ақ тілегін, алғыспенен ата-ана,
Ұстаздарға жүрек сөзін арнап жүр.

Ендеше, бүгінгі мерекелік кешімізде бөбекжайымыздан түлеп ұшқан түлектер мен ата – аналардың Ұстаздар күніне арналған жүрекжарды бейнеқұттықтауын да тамашаласақ!

Жүргізуші:

Ұстаз деген — аяулы есім, ардақты,
Жүректерге нұр құйғандай салмақты.
Ұстаздарға арнап бүгін әсем ән,
Шырқалсыншы көңілдерге қанатты!

Ендеше, ұстаздарға деген ақ тілегін әнмен жеткізер бүлдіршіндерімізді ортаға шақырайық. Ортада, ***«Гүлдер»*** тобының бүлдіршіндері, ән ***«Ұстаз ана»***

Жүргізуші:

Кезекті ***«Көгершін»*** тобы бүлдіршіндерінің ***«Ұстаз»*** туралы тақпақтарына береміз.

Жүргізуші:

Ал енді, құрметті ұстаздар, балалық шақтың бал күндеріне бірге саяхат жасап көрейік! Әр адамның жүрегінде сақталған ең тәтті естелік — балалық шағы. Бүгін сол бір шуақты шаққа қайта оралып, әріптестеріміздің балалық бейнесін бірге тамашалайық. Қазір экраннан әріптестеріміздің кішкентай кезіндегі суреттері көрсетіледі. Ал сіздерге бір ғана міндет — бұл сүйкімді бүлдіршіннің кім екенін табу!
Экраннан педагогтардың бала күнгі фото суреттері көрсетіледі.

Жүргізуші:

Ал енді, құрметті ұстаздар, балалық шақтан кейінгі тағы бір ерекше кезеңге — мектеп кездеріне саяхат жасап көрейік! Мектеп — алғашқы достықтың, алғашқы арманның, ұмытылмас қызықтар мен тәтті естеліктердің мекені. Сыныптағы күлкі, қоңырау үні, тақта алдында тұрған сәттер, ұстаздың мейірімді сөзі — бәрі де көңіл төрінде сақтаулы. Ендеше, сол бір шуақты жылдарға ойша оралып, естеліктерімізді жаңғыртып, қызықты сұрақтарға бірге жауап іздейік!

«Мектеп кездеріне саяхат: қызықты сұрақтарға жауап табайық!» атты көңілді айдарымызды бастаймыз. Қане, кімнің есте сақтау қабілеті мықты,
кім мектеп жылдарын жақсырақ еске түсіреді екен?

Сұрақтарға дайын болыңыздар!
Саяхатымызды бастайық!

- **Мектепте ең жақсы көрген пәніңіз қандай еді?**
- **Мектептегі ең жақын досыңыздың есімі?**
- **Алғашқы ұстазыңыздың есімі кім?**
- **Мектептегі ең қызықты оқиғаңыз есіңізде ме?**
- **Берілген үй тапсырмасын орындамай келген кезіңіз болды?**
- **Мектепте қандай үйірмеге қатыстыңыз?**
- **Мектептегі сүйікті мұғаліміңіз есіңізде ме?**
- **Қай пәннен «5» алғанда қатты қуанушы едіңіз?**
- **Мектептегі алғашқы досыңызбен әлі араласасыз ба?**
- **Бала кезіңізде өскенде кім боламын деп армандадыңыз?**
- **Мектепке кешігіп келген кезіңіз болды ма? Не үшін кешігетін едіңіз?**
- **Мектепте лақап атыңыз болды ма?**
- **Мектепте басталған, алғашқы махаббатыңыздың есімі?**
- **Күнделігіңізге ескерту алған кезіңіз болды ма?**

 Егер мектеп кезіңізге бір күнге қайта оралсаңыз, ең алдымен не істер едіңіз?

Жүргізуші:

«Көгершін» тобы бүлдіршіндерінің орындауында, ***«Ұстаздарға қошемет»*** әні. Қарсы алыңыздар!

Жүргізуші:

«Көрініс»

Жүргізуші:

Ал енді, құрметті әріптестер, ресми марапаттардан сәл демалып, көңіл көтеретін сәт. Өйткені біздің ұжымда әр педагогтың өзіне ғана тән ерекше қасиеті бар.
Бірі — таңертең бәрінен бұрын келеді,
бірі — балалардың бәрін атымен біледі,
бірі — шайсыз жұмыс істей алмайды,
ал енді бірі — бір минут тыныштық болса, өзі іздеп кетеді. Сондықтан бүгін әріптестеріміздің ерекше қырларын әзілмен атап, көңілді марапаттарымызды бүгінгі мерекелік кештің ұйымдастырушыларының атынан табыстамақпыз! Мұндағы әр марапат — әзіл болғанымен, оның астарында әрқайсыңызға деген жылы ықыласымызбен құрметіміз жатыр.

Жүргізуші:

Келесі мерекелік құттықтау сөз кезегі. Ұжымның кәсіби дамуына бағыт беріп, әр бастамамызға қолдау көрсетіп, білім мен тәрбиенің сапасына өз үлесін қосып жүрген бөбекжайымыздың білікті де ізденімпаз әдіскері Тәжедиева Гүлбаршын Бексауытқызына сөз кезегін берсек дейміз.

Хор: *«Ұстаздарға тағзым»*

Қорытынды:

Ұстаз — бала жүрегіне білімнің алғашқы дәнін сеуіп, мейірім мен ізгіліктің жолын көрсететін ұлы тұлға. Сіздердің әр күнгі еңбектеріңіз — болашаққа қосылған үлкен үлес. Бүгінгі кеште айтылған әрбір жылы сөз, шырқалған әрбір ән, көрсетілген әрбір өнер сіздерге деген құрметіміз бен алғысымыздың белгісі. Әр шаңыраққа шаттық, әр жүрекке қуаныш, еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз. Бала күлкісі әрдайым көңілдеріңізге қуат беріп, еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер! Ұстаз деген ұлы есім әрдайым биікте болсын! Мерекелеріңіз құтты болсын, қадірлі ұстаздар! Әр күндеріңіз мерекедей көңілді, еңбектеріңіз берекелі болсын!




Ұстаз жүрегі -